

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж



«БЕКІТЕМІН»  
Колледж директоры  
Е. Жанділдин  
«01» қыркүйек 2020 ж.

Педагогикалық кеңес туралы  
ЕРЕЖЕ

Петропавл қ., 2020 ж.

Қазіргі Ереже «Білім туралы» ҚР Заңының негізінде өңделді, КМҚК «Мағжан Жұмабаев атындағы жоғары колледж» Жарғысына сәйкес құрастырылды.

## **1. Жалпы ережелері**

1.1. Педагогикалық кеңес туралы кәдімгі ереже колледждің педагогикалық қызметкерлерін үнемі әрекеттегі алқалы өзін-өзі басқару органы ретінде педагогикалық кеңес қызметінің тәртібін анықтайды және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2007 жылғы 24 қазанындағы №506 бұйрығы ҚР білім және ғылым Министрлігімен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңес қызметінің Үлгілік ережелеріне сәйкес өңделді

## **2. Педагогикалық кеңестің міндеттері**

2.1. Педагогикалық кеңестің міндеттері:

- колледжде оқу-тәрбие үрдісінің диагностика жағдайы, бңлім алушының дамуы және оқығандығы, тәрбиелілігі, педагогикалық құрамның кәсіби құзыреттілік деңгейі;
- әр оқытушының кәсіби шеберлігі мен шығармашылығы, колледж дамуының кешенді-мақсатты бағдарламасын өңдеу;
- еңбек нарығының қажеттілігі есебінен мамандарды дайындау сапасын үнемі жетілдіру үшін жағдай құру арқылы сапалы оқу-тәрбие жұмысына барлық ұжымды біріктіруге күш салу;
- оқу тәрбие үрдісінің нәтижелілік пен тиімділік мониторингісінің формалары мен әдістерін жетілдіру.

## **3. Педагогикалық кеңестің құрамы**

3.1. Колледждің педагогикалық кеңес құрамына басшылар құрамы, сонымен қатар барлық құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері, оқытушылар және оқу-көмекші қызметкерлер кіреді.

3.2. Педагогикалық кеңестің төрағасы колледж директоры болып табылады.

3.3. Педагогикалық кеңестің төрағасы жалпы басшылықты жүзеге асырады, отырыстарда төрағалық етеді, қабылданған шешімдерді бекітеді. Педагогикалық кеңес мүшелерінің қатарынан ашық дауыс беру арқылы хатшы сайланады.

## **4. Педагогикалық кеңестің құқығы**

4.1. Педагогикалық кеңес қарастырады:

- білім саласында нормативті-құқықтық актілердің орындалуын, педагогикалық кеңестің бұрынғы өткен отырысының шешімдерін;
- колледждің дамуы мен қызметін ұйымдастырудың негізгі мәселелерін реттеуші ішкі нормативті актілерін;
- колледжде оқу тәрбиелік және әдістемелік жұмысының жағдайын;
- бөлім, циклдік әдістемелік комиссия, көмекші-оқу бөлімшелерінің жұмыс жағдайын;
- колледждің оқу-тәрбиелік және әдістемелік жұмысының, сондай-ақ негізгі құрылымдық бөлімшелерінің жоспарлау мәселелерін;
- оқу-материалдық қорын дамыту сұрақтары, білім алушылардың өндірістік тәжірибені ұйымдастыруы мен өткізілуін, студенттердің бітіруі мен жұмыспен қамтылуын;
- мамандарды дайындау сапасының мәселелерін, контингентті сақтауды;
- оқытудың ақылы топтарындағы білім алушыларды бюджеттік негізде оқитын топтарға ауыстыру мәселелерін.

## **5. Педагогикалық кеңес қызметінің тәртібі**

5.1. Педагогикалық кеңестің жұмысы оқу жылына өңделген жоспар бойынша жүргізіледі, педагогикалық кеңес отырысында қарастырылады және колледж директорымен бекітіледі.

5.2. Педагогикалық кеңестің отырыстары жылына 3 рет өткізіледі. Оқу жылының басында, 1 семестрдің соңында және оқу жылының аяғында. Педагогикалық кеңес отырысында талқыланатын сұрақтар бойынша орындауға жауапты тұлғалар мен орындау мерзімі көрсетілген шешімдер шығарылады.

5.3. Педагогикалық кеңестің шешімі қарапайым дауыс берумен қабылданады және оларды колледж директоры бекіткеннен кейін күшіне енеді.

5.4. Педагогикалық кеңестің төрағасы педагогикалық кеңестің қабылданған шешімдердің орындалуын жүйелі тексеруді ұйымдастырады және тексерістің қорытындысын педагогикалық кеңестің талқылауына қояды.

5.5. Педагогикалық кеңестің әр мүшесі кеңестің барлық отырыстарына, оның жұмыстарына белсене қатысуы керек, оған жүктелген тапсырманы уақытылы әрі нақты орындау керек.

5.6. Педагогикалық кеңестің отырыстары хаттамалармен рәсімделеді. Хаттамаға педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысы қол қояды. Әр хаттамада оның нөмірі, кеңес отырысының күні, қатысқандардың саны,

отырыстың күн тәртібі көрсетіледі. Талқыланған сұрақтар бойынша сөз қабылданған шешімдер мен сөйлеудің қысқаша жазбалары жүргізіледі. Сөз сөйлегендердің мәтіндері қоса тіркеледі.

5.7. Педагогикалық кеңес отырысының хатамалары әдістемелік кабинеттің тізбектеме ісінде 5 жыл сақталады.